

БЕКІТЕМІН
ЖШС "Диана 2019"
балабақшасының меңгерушісі:
Ахметова Г.Н.



Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2025 жыл 1 апта

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
 Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
 Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
 Өзіне-өзі қызмет көрсету

Білім беру ұйымы : ЖШС "Диана 2019" бөбекжайы балабақшасы
Топ: «Балапан» кіші топ
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.09.2025ж Демалыс	Сейсенбі 02.09.2025 ж	Сәрсенбі 03.09.2025ж	Бейсенбі 04.09.2025ж	Жұма 05.09.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (кұрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу,	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін				

<p>кеңес беру</p>	<p>біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.</p> <p>Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру</p> <p>Балаңызды жылы күлімсіреп шығарыңыз, бұл оның күні бойы көңіл-күйін көтереді. Балаңыздың киімі ауа райына сай әрі қозғалысына ыңғайлы болсын.</p> <p>Таңғы асты міндетті түрде ішкізіңіз, бұл оның белсенділігін арттырады. Балаға жылы сөз бен мақтау айтып шығарыңыз.</p> <p>Балаға бақшаға апарарда сүйікті ойыншығын беруге болады (бейімделуге көмектеседі).</p>				
<p>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары</p>	<p>Тәрбиеші бір баланы «сатушы», қалғандарын «сатып алушы» қылып тағайындайды. Балаларға қолдарына бір-екі «ақша» беріледі. Балалар сөреге келіп, ұнаған затын көрсетеді. Сатушы «ақша бер» дейді, бала ойыншық ақшаны береді де затын алады. Барлық</p>	<p>Тәрбиеші бір баланы «сатушы», қалғандарын «сатып алушы» қылып тағайындайды. Балаларға қолдарына бір-екі «ақша» беріледі. Балалар сөреге келіп, ұнаған затын көрсетеді. Сатушы «ақша бер» дейді, бала ойыншық ақшаны береді де затын алады. Барлық</p>	<p>Тәрбиеші бірнеше ойыншықты ортаға қояды. Бір ойыншықты көтеріп: «Бұл кімнің ойыншығы?» – деп сұрайды. Баланың иесі қол көтеріп немесе шығып алады. Тәрбиеші: «Дұрыс, бұл (Аружанның) ойыншығы. Оған рұқсатсыз алуға болмайды» – деп түсіндіреді. Балалар кезекпен ойыншықтарды атайды, иесін табады.</p>	<p>Сақина салу. Балалар шеңбер жасап отырады. Бір бала «жүргізуші» болады, қолында сақина ұстайды. Жүргізуші сақинаны бір баланың алақанына білдіртпей салады. «Сақина кімде?» деп сұрайды. Балалар ішінен табуға тырысады, сақина шыққан бала келесі жүргізуші болады. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»</p>	<p>Тәрбиеші балаларды шеңберге отырғызады. Қолына бір ойыншық алып, «Бұл не?» деп сұрайды. Бала дұрыс айтса – «Жарайсың, сен адал айттың!» деп мақтайды. Кейде әдейі шатастырып көрсетеді (мысалы, кітапты көрсетіп «Бұл доп па?» деп сұрайды). Балалар «Жоқ, бұл кітап!» деп түзетуі керек. Тәрбиеші:</p>

	<p>бала кезекпен «сатып алу» ойнайды. тәрбиеші балаларға: «Ақша берсең, зат аласың» «Ақша болмаса, ала алмайсың» дегенді қарапайым сөзбен түсіндіреді</p> <p>Қаржылық сауаттылық</p>	<p>Соңында тәрбиеші «Ал бәріміздікі не?» деп сұрап, топтағы ортақ ойыншықтарды көрсетеді (қуыршақ үйі, конструктор, доп т.б.).</p> <p>Құқықтық сауаттылық</p>	<p>«Шындықты айтсақ – біз адал боламыз» деп қорытындылайды</p> <p>Адалдық әліппесі</p>
Ертеңгілік жаттығу	<p>«Менің Қазақстаным» әнұран тындату, бірге орындау, жаттату</p> <p>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.</p> <p>Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p>		
Таңғы ас	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей.</p> <p>Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p>		

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</p>				
<p>Кестеге сәйкес ҮІӨ</p>		<p>Музыка «Сәлем, музыка!» Музыка тыңдау: Қуанышты қысқа марш (көңілді жүріп көру). Ән айту: «Сәлем, сәлем» (жеңіл, екі-үш сөзден тұратын қайталама). Қимыл: Балалар шеңберде қол бұлғап, қол ұстасып жүреді. Ұлттық құндылық: Қазақша «Сәлеметсіз бе!» деп иіліп</p>	<p>Дене тәрбиесі «Кішкентай жүгіргіштер» ЖДЖ: қолды алға, жоғары көтеру, саусақтарын ашып-жұму. – Негізгі қимылдар: жүгіру, еңіс тақтаймен еңбектеу. – Ұлттық ойын: «Қуыр-қуыр» (саусақ ойыны). – Мәдени-гигиеналық дағдылар: жуынғанда киімді суламау. – Спорттық жаттығу: велосипедпен рөлді</p>		<p>Дене тәрбиесі «Доппен ойнаймыз» – ЖДЖ: қолды бүгіп-жазу, шапалақтау. – Негізгі қимылдар: допты домалату (төменнен, жоғарыдан). – Ұлттық ойын: «Соқыр теке» (жеңілдетілген нұсқа, бір бала көзін жұмып, қолымен ұстап табады). – Мәдени-гигиеналық дағдылар: киімін жинау. – Спорттық жаттығу: велосипедке</p>

		амандасу, ұлттық оюлы сурет көрсету.	ұстап көру.		өздігінен отыруға үйрету.
		«Біздің топ» Тіл дамыту және көркем әдебиет Топтағы ойыншықтарды атау (қуыршақ, доп, машина). «Бұл не?» сұрағына жауап беруді үйрету. «Менің ойыншығым» қысқа өлеңін тыңдап, қуыршаққа жанашырлық білдіру. Сенсорика: Үлкен және кішкентай ойыншықтарды салыстыру. Құрастыру: Текшеден үйшік жасау	«Біздің тәрбиеші» Тіл дамыту және көркем әдебиет – Киім сөздері: көйлек, аяқкиім, бас киім. «Киінді – шешінді» қарама-қарсы әрекеттерін үйрету «Тәрбиеші апай» туралы шағын тақпақ тыңдау Сенсорика – Киімдердің түстерін ажырату (қызыл көйлек – көк көйлек) Құрастыру – Текшеден орындық жасау	«Асхана» Тіл дамыту және көркем әдебиет – БІдыс атаулары: қасық, кесе, тарелка. «Құю-жуу» етістіктерін қолдану «Асханада» шағын өлең тыңдау Сенсорика – Үлкен тарелка – кішкентай тарелканы салыстыру Құрастыру – Конструктордан үстел жасау	«Ойын алаңы». Тіл дамыту және көркем әдебиет – Көлік құралдары: машина, автобус, пойыз. «Жүрү-тоқтау» қарама-қарсы әрекеттерін айту «Машина» тақпағын тыңдау, қол қимылымен қайталау Сенсорика – Қызыл және көк түсті машиналарды ажырату Құрастыру – Конструктордан жол салу Қоршаған әлеммен таныстыру – Достарымен бірге ойнауды үйрену «Қол ұстасу, көмектесу»

		(«Ойыншықтар үйінде тұрады»)			<p>Сурет салу – Жол сызығын салу (түзу сызықтар)</p> <p>Мүсіндеу – Ермексаздан көлік жасау</p> <p>Жапсыру – Фланелеграфқа көлік суреттерін орналастыру</p>
Серуенге дайындық	<p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</p> <p>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p> <p>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</p>				
Серуен	Қыркүйек айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған				
Серуеннен оралу	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).</p>				
Түскі ас	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»</p> <p>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p> <p>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.</p>				

	<p>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)</p>				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).</p>				
Бесін ас	<p>Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p>				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа		<p>Қоршаған әлеммен таныстыру: Топтағы достардың есімдерін атап</p>	<p>Қоршаған әлеммен таныстыру – Тәрбиешінің не істейтінін айту «Апай</p>	<p>Қоршаған әлеммен таныстыру – Көкөніс атауларын айту (қияр, қызанақ) Сурет салу – Дөңгелек сызық салу</p>	<p>Қоршаған әлеммен таныстыру – Достарымен бірге ойнауды үйрену «Қол ұстасу,</p>

<p>ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</p>		<p>үйрену. Сурет салу: Түрлі түсті қарындашпен тік және көлденең сызықтар салу («Ойыншық сөресі»). Мүсіндеу: Ермексаздан кішкентай доп жасау. Жапсыру: Фланелеграфқа қуыршақ пен допты орналастыру</p>	<p>көмектеседі» Сурет салу – Дөңгелек сызықтар салу (көйлектегі өрнек) Мүсіндеу – Ермексаздан алма жасау Жапсыру – Фланелеграфқа көйлек пен аяқкиімнің суреттерін орналастыру</p>	<p>«Кесе» Мүсіндеу – Ермексаздан алмұрт жасау Жапсыру – Фланелеграфқа қасық пен тарелка суреттерін орналастыру</p>	<p>көмектесу» Сурет салу – Жол сызығын салу (түзу сызықтар) Мүсіндеу – Ермексаздан көлік жасау Жапсыру – Фланелеграфқа көлік суреттерін орналастыру</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>		<p>Жансаяға «Сәлемдесу ойыны» Тәрбиеші қуыршақты алып: «Сәлем, сәлем!» дейді. Баладан қуыршаққа қол бұлғауын сұрайды. Қуыршақ: «А-а-а» дейді.</p>	<p>Алиханға «Құстың даусы» ойыны Құстың суретін немесе ойыншық құсты көрсетеді. «Құстың даусы қалай шығады? – Чик-чик!» дейді. Балаға қайталауға мүмкіндік береді, қайталамаса, тәрбиеші бірге айтып, қолын</p>	<p>Іңкәрға «Шап-шап, топ-топ» ойыны Тәрбиеші қолын шапалақтап: «Шап-шап!» дейді. Бала да қайталап істейді. Аяқпен жерді тарсылдатып: «Топ-топ!» дейді. Бала да еліктейді. Музыка қосылып, ырғаққа сәйкес</p>	<p>Кәусарға «Доп сөйлейді» ойыны Тәрбиеші допты көрсетіп: «Доп айтады – бо-бо-бо» дейді. Допты балаға домалатып береді. Балаға да «бо-бо-бо» деп айтуға ұсыныс жасайды. Әр доп домалағанда</p>

		Тәрбиеші: «Ал сен де айтшы?» деп баланы дыбысқа еліктетеді.	қанатша қағады. Музыка қосылып, бала құсша қимылдап жүреді.	қайталайды.	дыбысты қайталайды.
Серуенге дайындық	<p>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p> <p>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p> <p>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</p>				
Серуен		<p>«Көбелектер мен гүлдер» Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін, қиялын дамыту. Шарты: Бірнеше бала «гүл» болып, қолдарын жоғары көтеріп,</p>	<p>«Аңдарды табу» Мақсаты: Қимыл жылдамдығын, ептілікті дамыту. Шарты: Тәрбиеші алаңда әртүрлі ойыншық аңдарды жасырады. Балалар белгі бойынша жүгіріп, аңдарды тауып, арнайы себетке салады.</p>	<p>«Тордан қашу» Мақсаты: Жүгіру, секіру дағдыларын жетілдіру. Шарты: Бір бала «қасқыр», қалғандары «қоян». «Қояндар» белгіленген алаңнан шығып кетпеуі керек, «қасқыр» оларды ұстауға тырысады.</p>	<p>«Жел мен жапырақтар» Мақсаты: Табиғи құбылыстарды қимыл арқылы бейнелеу. Шарты: «Жел» рөліндегі бала қалған «жапырақтарды» қуып жүреді. Жел сокқанда жапырақтар жан-жаққа қашады, жел басылғанда</p>

	қозғалмай тұрады. Қалғандары – «көбелектер» болып, алаңда еркін ұшып жүреді. Тәрбиеші белгі бергенде көбелектер гүлдерге қонады.			тоқтайды.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).			
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту). Үйге келген соң, «Сағындым» деп құшақтаңыз, ол өзін маңызды сезінеді. Бүгінгі күнінен бір қызық нәрсені сұрап, бірге әңгімелесіңіз. Кешке қысқа серуен жасаңыз — ұйқысы жақсы болады. Ойыншығын бірге жинап қою — ұқыптылыққа үйретеді.			

Қыркүйек айы 2025 жыл 2 апта

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу

Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау

Өзіне-өзі қызмет көрсету

Білім беру ұйымы : ЖШС "Диана 2019"бөбекжайы балабақшасы

Топ: «Балапан» кіші топ

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.09.2025 ж	Сейсенбі 09.09.2025 ж	Сәрсенбі 10.09.2025ж	Бейсенбі 11.09.2025ж	Жұма 12.09.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (кұрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Балаға бақшаға апарарда сүйікті ойыншығын беруге болады (бейімделуге көмектеседі). Баланы асықтырмай, сабырмен киіндіріңіз. Балаңызға күлімсіреп, «сен мықтысың» деп айтыңыз. Балаңызға бақшада жақсы уақыт өткізетініне сенімді екеніңізді айтыңыз. Кішкентай тапсырма беріп, орындағанын мақтаңыз.				

<p>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары</p>	<p>«Гүлді суарамыз» Балаларға «гүл де біз сияқты су ішкісі келеді» деп түсіндіреді. Балалар гүлді су құйып «қуантып» шығады «Қараңдаршы, гүлдер қалай шаттанды! Біз оларға көмектестік!» деп мақтайды. Экологиялық тәрбие</p>	<p>«Жапырақты ұстайық» – Құрғақ жапырақпен жасыл жаңа жапырақты ұстап сезіну. Сенсорика</p>	<p>«Дыбыс шығады» – Сылдырмақ, қоңырау, барабан сияқты дыбыстарды тыңдату. Музыка</p>	<p>«Жылы ма, салқын ба?» – Суық су мен жылы суды сездірту. Қоршаған әлеммен таныстыру</p>	<p>«Үлкен – кішкентай» – Үлкен доп пен кішкентай допты салыстыру Сенсорика</p>
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p>				
<p>Таңғы ас</p>	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p>				

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру</p> <p>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері</p> <p>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</p>				
<p>Кестеге сәйкес ҰІӨ</p>	<p>Дене тәрбиесі «Жолақпен жүрейік» – ЖДЖ: қолды жанға жазу, саусақ жаттығулары. – Негізгі қимылдар: орындық үстімен жүру, шеңбер бойымен жүру. – Ұлттық ойын: «Орамал тастау» (бір бала жүгіріп, орамалды қасына тастайды). – Мәдени-гигиеналық дағдылар: ілгектерді ашып-жабу. – Спорттық жаттығу: велосипедті ересекпен айдау.</p>	<p>Музыка «Қошақаным» Музыка тыңдау: Баяу, нәзік әуен. Ән айту: Халық әні «Қошақаным» (жеңіл қайталанатын сөздер). Қимыл: Қошақан сияқты қолдарын қимылдату, секіріп көру. Ұлттық құндылық: Мал шаруашылығы – қазақтың байлығы екенін айту, қойдың суретін көрсету.</p>	<p>Дене тәрбиесі «Жүгіреміз, секіреміз» – ЖДЖ: тізені бұғу-жазу, қолды көтеру. – Негізгі қимылдар: жүгіру, екі аяқтап секіру. – Ұлттық ойын: «Хан талапай» (жеңілде тілген нұсқасы, асық орнына шарик). – Мәдени-гигиеналық дағдылар: үстел басында дұрыс отыру. – Спорттық жаттығу: велосипедпен өздігінен жүруге</p>		<p>Дене тәрбиесі «Еңбектеп өтейік» – ЖДЖ: қолды айқастыру, шапалақтау. – Негізгі қимылдар: еңіс тақтай үстімен еңбектеу, жолақ бойымен жүру. – Ұлттық ойын: «Қуырмаш» (саусақ ойыны). – Мәдени-гигиеналық дағдылар: киімін ұқыпты жинау. – Спорттық жаттығу: велосипедке отырғызу, түсу.</p>

			жаттықтыру.		
	<p>Дос деген кім?» Тіл дамыту және көркем әдебиет «Дос» сөзін таныстыру, балалардың есімдерін атап үйрену «Досым бар» қысқа тақпақ тыңда Сенсорика Балалардың суреттерін үлкен-кіші болып салыстыру Құрастыру Текшеден «дос үйшігі» құрастыру</p>	<p>«Досыммен ойнаймын» Тіл дамыту және көркем әдебиет «Ойнады – күледі» етістіктерін қолдану «Екі дос» әңгімесін тыңдау Сенсорика Бірдей түсті ойыншықтарды жұптау Құрастыру – Конструктордан бірге құрастыру «Достардың ойыны»</p>	<p>«Досыммен бөлісемін». Тіл дамыту және көркем әдебиет «Берді – алды» қарама-қарсы әрекеттерін үйрету– «Досымен бөліскен бала» шағын әңгіме Сенсорика – Үлкен доп – кіші допты салыстыру Құрастыру – Текшеден үстел құрастыру «Бөлісетін үстел» Қоршаған әлеммен таныстыру – Бір ойыншықты кезектесіп ойнау</p>	<p>Тіл дамыту және көркем әдебиет «Жүру – тоқтау» әрекеттерін атау «Достар саябақта» өлеңін тыңдау Сенсорика Қызыл жасыл түсті ойыншықтарды ажырату Құрастыру Конструктордан жол жасау Қоршаған әлеммен таныстыру – Серуенде бір-бірінің қолынан ұстап жүру</p>	<p>«Досыма көмектесемін» Тіл дамыту және көркем әдебиет «Көмектесу» сөзін үйрету «Досына көмектескен бала» әңгімесі Сенсорика Бірдей ойыншықтарды табу «Кімге көмек керек?» Құрастыру Текшеден орындық жасау «Досқа орын дайындау» Қоршаған әлеммен таныстыру Досының киімін киюіне көмектесу</p>
Серуенге дайындық	<p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p>				

	Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру
Серуен	Қыркүйек айына арналған серуен картотекасы жинағы қосымша жасақталған
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).

Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Қоршаған әлеммен таныстыру «Дос көмектеседі» түсінігін қалыптастыру Сурет салу Дөңгелек сызықтар салу «Достардың басы» Мүсіндеу – Ермексиздан «кіші достар» жасау Жапсыру – Фланелеграфқа балалардың суреттерін орналастыру	Қоршаған әлеммен таныстыру Бірге ойнау ережесін үйрету Сурет салу Қарапайым сызықтар салу «Ойын алаңы» Мүсіндеу Ермексиздан шағын ойыншық жасау Жапсыру Фланелеграфқа қуыршақтар суретін қою	Сурет салу Жол сызықтарын салу «Достарға барар жол» Мүсіндеу Ермексиздан жеміс жасап досына ұсыну Жапсыру – Фланелеграфқа ойыншықтар суретін кезекпен қою	Сурет салу Толқынды сызықтар салу «Жолдағы із» Мүсіндеу Ермексиздан гүл жасап досына сыйлау Жапсыру Фланелеграфқа ағаш пен гүл суреттерін қою	Сурет салу Тік және көлденең сызықтар салу «Достардың үйі» Мүсіндеу Ермексиздан шағын нан жасап досына ұсыну Жапсыру Фланелеграфқа балалардың бірге ойнаған суреттерін орналастыру
Балалармен жеке жұмыс	Жансаяға «Сау болайық» ойыны Тәрбиеші қолын бұлғап: «Сау бол!»	Алиханға «Сәлемдесу қуыршақпен» Тәрбиеші	Іңкәрға «Шап-шап, топ-топ» Тәрбиеші қолын шапалақтап «шап-	Кәусарға «Доп сөйлейді» Допты домалатып: «Бо-бо-бо» дейді.	Алинурға «Жаңбыр жауды» Тәрбиеші саусақтарын үстелге

	дейді. Баладан да қол бұлғауын сұрайды. Музыка жай қосылып, бала қимылды қайталайды.	қуыршақты көтеріп: «Сәлем!» дейді. Бала қуыршаққа қол бұлғап, «а-а» дыбысына еліктейді.	шап» дейді. Бала қайталайды. Аяқпен тарсылдатып «топ-топ» жасайды.	Бала да допты алып, дыбысқа еліктейді.	тарсылдатып: «Тырс-тырс!» дейді. Бала да қайталайды, қолымен «жаңбыр» ойынын ойнайды.
Серуенге дайындық	<p>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p> <p>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p> <p>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</p>				
Серуен	«Өзеннен өту» Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтау дағдысын дамыту. Шарты: Жіп немесе бор сызығы арқылы «көпір» белгіленеді. Балалар кезекпен көпірден құламай өтеді.	«Бау-бақшадағы еңбек» Мақсаты: Қимыл белсенділігін арттыру, еңбек дағдыларын ойынмен қалыптастыру. Шарты: Балалар ойыншық тырма, күрекпен «жер қазады», «гүл отырғызады».	«Ұшатын шарлар» Мақсаты: Қол-аяқ үйлесімділігін дамыту. Шарты: Әр балаға шар беріледі. Шарды жерге түсірмей, қолмен немесе аяқпен соғып жүреді.	«Үйшігіңе жет» Мақсаты: Жылдам реакцияны қалыптастыру. Шарты: Балалар алаңда еркін жүреді, тәрбиеші «жаңбыр» десе, әр бала белгіленген «үйшікке» (дөңгелек, шеңбер) жүгіріп жетеді.	«Құмырсқалар» Мақсаты: Ұжымдық әрекетті қалыптастыру. Шарты: Балалар «құмырсқа» болып, үлкен «дәнді» (доп) командалық күшпен белгіленген жерге жеткізеді.

<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту). Үйге келген соң, «Сағындым» деп құшақтаңыз, ол өзін маңызды сезінеді. Бүгінгі күнінен бір қызық нәрсені сұрап, бірге әңгімелесіңіз. Кешке қысқа серуен жасаңыз — ұйқысы жақсы болады. Ойыншығын бірге жинап қою — ұқыптылыққа үйретеді.</p>

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қыркүйек айы 2025 жыл 3 апта

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу

Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау

Өзіне-өзі қызмет көрсету

Білім беру ұйымы : ЖШС "Диана 2019"бөбекжайы балабақшасы

Топ: «Балапан» кіші топ

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Күн тәртібі	Дүйсенбі 15.09.2025 ж	Сейсенбі 16.09.2025 ж	Сәрсенбі 17.09.2025ж	Бейсенбі 18.09.2025ж	Жұма 19.09.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызды жылы күлімсіреп шығарыңыз, бұл оның күні бойы көңіл-күйін көтереді. Балаңыздың киімі ауа райына сай әрі қозғалысына ыңғайлы болсын.				

	Таңғы асты міндетті түрде ішкізіңіз, бұл оның белсенділігін арттырады. Балаға жылы сөз бен мақтау айтып шығарыңыз. Балаға бақшаға апарарда сүйікті ойыншығын беруге болады (бейімделуге көмектеседі).				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Жұмсақ маталар» Жұмсақ жүн, қатты мата, тегіс жібек матаны ұстату.	«Ауыр ма, жеңіл ме?» Қолына ауыр тас, жеңіл пластик зат беріп салыстыру.	«Көлеңке мен жарық» Қолшам жарығын қабырғаға түсіріп, көлеңкемен ойнау.	«Түсті шарлар» Әр балаға әртүрлі түсті шар беріп, түсін атап көрсету.	«Жаңбыр тамшылары» Тәрбиеші алақанға су тамызады, бала сезеді.
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемейу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын				

	жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Кестеге сәйкес ҮІӨ	<p>Дене тәрбиесі «Бірге жүреміз» – ЖДЖ: қолды созу, саусақ жаттығулары. – Негізгі қимылдар: педагог артынан жүру, жұптасып жүру. – Ұлттық ойын: «Арқан тартыс» (жеңілдетілген, қысқа арқанмен). – Мәдени-гигиеналық дағдылар: киініп-шешіну тәртібі. – Спорттық жаттығу: велосипедпен жүру.</p>	<p>Музыка «Домбыра үні» Музыка тындау: Домбыраның жай әуені (аспап үні). Ән айту: Қарапайым «Лә-лә-лә», «На-на-на» (домбыраға қосылып айту). Қимыл: Шапалақтау, аяқпен жеңіл тарсылдату. Ұлттық құндылық: Домбыраны көрсету, «Қазақтың ұлттық аспабы – домбыра» деп айту.</p>	<p>Дене тәрбиесі «Жүгіріп ойнаймыз» – ЖДЖ: қолды көтеру, бүгіп-жазу. – Негізгі қимылдар: бірқалыпты жүгіру, шашырап жүгіру. – Ұлттық ойын: «Қаз-қаз, қаңқылда» (қаздар сияқты жүріп, қимылдау). – Мәдени-гигиеналық дағдылар: нанды үгітпеу, тамақты дұрыс жеу. – Спорттық жаттығу: рөлді өздігінен басқару.</p>		<p>Дене тәрбиесі «Доппен ойын» – ЖДЖ: бұрылу, шапалақтау. – Негізгі қимылдар: допты домалату. – Ұлттық ойын: «Алтын сақа» (допты кезекпен домалату). – Мәдени-гигиеналық дағдылар: жуыну тәртібі. – Спорттық жаттығу: велосипедтен түсу.</p>

	<p>«Менің қуыршағым» Тіл дамыту және көркем әдебиет Қуыршақ сөзін үйрену, ойыншықтың түсін атау Қуыршақ туралы тақпақ тыңдау Сенсорика Үлкен қуыршақ пен кішкентай қуыршақты салыстыру Құрастыру Текшеден қуыршаққа орындық жасау Қоршаған әлеммен таныстыру Қуыршаққа қамқорлық жасауды үйрету</p>	<p>«Менің аюым» Тіл дамыту және көркем әдебиет Аю сөзін айту, дыбысын салып үйрену Аю мен балалар қысқа ертегі Сенсорика Жұмсақ ойыншық пен қатты ойыншықты ажырату Құрастыру Конструктордан аюға үйшік жасау</p>	<p>«Менің көлігім» Тіл дамыту және көркем әдебиет Машина сөзін айту, жүреді – тоқтайды әрекеттерін үйрету Кішкентай машина тақпағы Сенсорика Қызыл, көк машиналарды түстеріне қарай топтау Құрастыру Текшеден гараж жасау Қоршаған әлеммен таныстыру Жолда жүру тәртібі туралы қарапайым түсінік беру</p>	<p>Тіл дамыту және көркем әдебиет Доп сөзін үйрету, домалады әрекетін айту Доп туралы өлең тыңдау Сенсорика Үлкен және кішкентай допты ажырату Құрастыру Конструктордан допқа арналған қорап жасау Қоршаған әлеммен таныстыру Достарымен допты бөлісуді үйрету</p>	<p>«Менің сүйікті ойыншығым» Тіл дамыту және көркем әдебиет Баланың өз сүйікті ойыншығының атын айтуға ынталандыру Ойыншықтар мерекесі әңгімесі Сенсорика Жұмсақ – қатты, үлкен – кіші ойыншықтарды топтау Құрастыру Барлық ойыншықтарға арналған үйшік жасау</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</p>				

Серуен	Қыркүйек айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).
Түскі ас	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»</p> <p>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p> <p>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.</p> <p>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.</p> <p>Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.</p> <p>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.</p> <p>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</p>
Күндізгі ұйқы	<p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)</p>
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).</p>

<p>Бесін ас</p>	<p>Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p>				
<p>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</p>	<p>Сурет салу Дөңгелек сызық салу «Қуыршақтың басы» Мүсіндеу Ермексиздан қуыршаққа ойыншық нан жасау Жапсыру Фланелеграфқа қуыршақ суреттерін орналастыру</p>	<p>Қоршаған әлеммен таныстыру Жануарларға қамқор болу туралы әңгімелеу Сурет салу Тұйық сызық салу «Аюдың ізі» Мүсіндеу Ермексиздан кішкентай доп жасау, аюға беру Жапсыру Фланелеграфқа орман суреттерін орналастыру</p>	<p>Сурет салу Түзу сызық салу «Жол» Мүсіндеу Ермексиздан кішкентай доңғалақ жасау Жапсыру Фланелеграфқа көлік суреттерін қою</p>	<p>Сурет салу Дөңгелек сызық салу «Доп» Мүсіндеу Ермексиздан түрлі түсті доп жасау Жапсыру Фланелеграфқа доп суреттерін қою</p>	<p>Қоршаған әлеммен таныстыру Ойыншықтарды ұқыпты ұстауды үйрету Сурет салу Әртүрлі сызықтар салу «Ойыншықтар әлемі» Мүсіндеу Ермексиздан кішкентай ойыншық жасау Жапсыру Фланелеграфқа әр баланың сүйікті ойыншығының суретін қою</p>

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Жансаяға «Құмырсқа жүрісі» Балалардың алақанына кішкентай ойыншық жәндік қойылады, қозғалысын сезіну.</p>	<p>Алиханға «Жұмсақ пен қатты жол» Балаларды кілем үстімен, кейін қатты тақтай үстімен жүргізу. «Ауаны сезейік» Баланың бетіне желпуішпен немесе қолымен ауа желпіту.</p>	<p>Іңкәрға «Қоңырау қайда?» Қоңырауды шымылдыңтың артына қояды, дыбысына қарай табу.</p>	<p>Кәусарға «Қуыршақты оятамыз» Тәрбиеші «қатты дыбыс» (шапалақ) пен «жай дыбыс» (сыбыр) шығарып, бала қуыршаққа көрсетеді.</p>	<p>Алинурға «Ауаны сезейік» Баланың бетіне желпуішпен немесе қолымен ауа желпіту.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</p>				
<p>Серуен</p>	<p>«Тышқан мен мысық» Мақсаты: Жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты: Бір бала</p>	<p>«Ауада ұшу» Мақсаты: Қолдың икемділігін, үйлесімді қимылды</p>	<p>«Кім жылдам?» Мақсаты: Жылдамдық пен төзімділікті арттыру. Шарты: Түзу</p>	<p>«Достық пойызы» Мақсаты: Бір-біріне көмектесу, топтық қимылды дамыту. Шарты: Балалар бір-бірінің белінен ұстап,</p>	<p>«Теңіз толқыны» Мақсаты: Ынтымақтастық пен қиялды дамыту. Шарты: Балалар қол ұстасып,</p>

	<p>– мысық, қалғандары – тышқан. Мысық тышқандарды қуып ұстайды.</p>	<p>дамыту. Шарты: Балалар қолдарын жайып, «ұшақ» болып алаңда жүреді, кедергілерден айналып өтеді.</p>	<p>сызық бойымен белгіленген қашықтықты жүгіріп өту.</p>	<p>пойыз болып жүреді. Кедергілерден бірге өтеді.</p>	<p>толқын қозғалысын қайталайды, бір уақытта отырып-тұрады.</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).</p>				
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту). Үйге келген соң, «Сағындым» деп құшақтаңыз, ол өзін маңызды сезінеді. Бүгінгі күнінен бір қызық нәрсені сұрап, бірге әңгімелесіңіз. Кешке қысқа серуен жасаңыз — ұйқысы жақсы болады. Ойыншығын бірге жинап қою — ұқыптылыққа үйретеді.</p>				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қыркүйек айы 2025 жыл 4 апта

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу

Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау

Өзіне-өзі қызмет көрсету

Білім беру ұйымы : ЖШС "Диана 2019"бөбекжайы балабақшасы

Топ: «Балапан» кіші топ

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Күн тәртібі	Дүйсенбі 22.09.2025 ж	Сейсенбі 23.09.2025 ж	Сәрсенбі 24.09.2025ж	Бейсенбі 25.09.2025ж	Жұма 26.09.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (кұрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызды жылы күлімсіреп шығарыңыз, бұл оның күні бойы көңіл-күйін көтереді.				

	<p>Балаңыздың киімі ауа райына сай әрі қозғалысына ыңғайлы болсын.</p> <p>Таңғы асты міндетті түрде ішкізіңіз, бұл оның белсенділігін арттырады. Балаға жылы сөз бен мақтау айтып шығарыңыз.</p> <p>Балаға бақшаға апарарда сүйікті ойыншығын беруге болады (бейімделуге көмектеседі).</p>				
<p>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)</p>	<p>Балаларға кішкентай сукұйғыш беріледі. Олар жасанды немесе тірі гүлдің жанына барып су құяды. Тәрбиеші «гүл қуандық» деп қолын жайып, қуаныш қимылын көрсетеді.</p> <p>Экологиялық тәрбие</p>	<p>«Дүкенге барамыз» Тәрбиеші ойыншық жемістерді үстелге қояды.</p> <p>Балаларға ойыншық «ақша» (дөңгелек жетон) беріледі. Бала жетонды беріп, жемісті қолына алады. Ақша – зат алмасу құралы екенін қарапайым қимылмен ұғынады.</p> <p>Қаржылық сауаттылық</p>	<p>«Ойыншықты бөлісеміз» Бірнеше балаға бір-бір ойыншық беріледі, ал бір ойыншық ортақ болады. Тәрбиеші ортақ ойыншықты кезекпен алуды көрсетеді.</p> <p>Балалар бөлісуді, кезек күтуді қимыл арқылы үйренеді.</p> <p>Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p>	<p>«Тақия тастамақ» (жеңілдетілген түрі) Балалар шеңбер жасап отырады. Тәрбиеші немесе бір бала қолына кішкентай тақия алып, артынан жүріп біреуінің артына қояды.</p> <p>Тақия түскен бала қолын көтереді.</p> <p>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»</p>	<p>Тәрбиеші қолына доп алады да, әдейі шатастырып: «Бұл аю ма?» деп сұрайды. Балалар басын шайқайды немесе «жоқ» деп ишара жасайды. Кейін тәрбиеші: «Бұл не?» деп ишарамен сұрайды.</p> <p>Балалар допты қолымен көрсетеді. Тәрбиеші: «Дұрыс, сендер шындықты айттындар! Жарайсындар!» деп қуанады.</p> <p>Адалдық әліппесі</p>
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату</p> <p>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын</p>				

	<p>бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.</p> <p>Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p>				
Таңғы ас	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей.</p> <p>Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру</p> <p>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері</p> <p>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</p>				
Кестеге сәйкес ҮІӘ	<p>Дене тәрбиесі «Жолақ бойымен» – ЖДЖ: қолды жанға жазу, саусақ жаттығулары. – Негізгі қимылдар: жолақ</p>	<p>Музыка «Ән мен күй достығы» Музыка тыңдау: Қазақтың шағын аспаптық күйін тыңдату. Ән</p>	<p>Дене тәрбиесі «Секірейік, жүгіреміз» – ЖДЖ: тізе бұғу-жазу, қолды көтеру. – Негізгі қимылдар: жүгіру, секіру. – Ұлттық</p>		<p>Дене тәрбиесі «Қимылды ойындар» – ЖДЖ: қолды айқастыру, шапалақтау. – Негізгі қимылдар: еңбектеу, доп домалату, орындық</p>

	<p>бойымен жүру, шеңбер бойымен жүру. – Ұлттық ойын: «Айгөлек» (балалар қол ұстасып шеңбер жасайды). – Мәдени-гигиеналық дағдылар: киімін жинау. – Спорттық жаттығу: велосипедке өздігінен отыру.</p>	<p>айту: Қарапайым әуенмен «Лә-лә-лә», «На-на-на» дыбыстап айту, әндету. Қимыл: Балалар кезекпен шеңбер бойымен жүріп, музыка ырғағына қимыл жасайды. Аспаппен ойнау: Барлығы бірге қоңырауды соғып, ырғақты үйлестіруге жаттығады.</p>	<p>ойын: «Асық ойыны» (жеңілдетілген, асық орнына кішкене доп). – Мәдени-гигиеналық дағдылар: үстел басындағы әдеп. – Спорттық жаттығу: велосипедті өз бетімен айдау.</p>		<p>үстімен жүру. – Ұлттық ойын: «Ақ серек, көк серек» (жеңілдетілген түрі). – Мәдени-гигиеналық дағдылар: жуыну кезінде киімді суламау. – Спорттық жаттығу: велосипедпен толық өз бетінше жүру.</p>
	<p>«Үстел» Тіл дамыту және көркем әдебиет Үстел сөзін айту, қайталау Үстелде тамақ ішу туралы</p>	<p>«Орындық» Тіл дамыту және көркем әдебиет Орындық сөзін айту «Орындыққа отыр»</p>	<p>«Төсек» Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет Төсек сөзін айту Ұйқы туралы шағын тақпақ тыңдау Сенсорика Жұмсақ</p>	<p>«Шкаф» Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет Шкаф сөзін айту Шкафта тұрған киімдер туралы әңгіме тыңдау</p>	<p>«Менің бөлmem». Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет Баланың өз бөлмесіндегі жиһаздарды атауға ынталандыру</p>

	қысқа тақпақ тыңдау Сенсорика Үлке н үстел мен кішкентай үстелді салыстыру Құрастыру Тек шеден үстел құрастыру	тақпағын жаттау Сенсорика Ауыр орындық пен жеңіл орындықты ажырату Құрастыру Конструкторда н орындық жасау Қоршаған әлеммен таныстыру Орындыққа дұрыс отыруды үйрету	төсек пен қатты жерді салыстыру Құрастыру Тек шеден кереует жасау	Сенсорика Ашық шкаф пен жабық шкафты салыстыру Құрастыру Конструктордан шағын шкаф жасау	«Менің бөлmem» әңгімесін тыңдау Сенсорика Жиһаздарды көлеміне қарай топтау (үлкен – кіші) Құрастыру Барлық жиһаздардан бөлме жасау
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Қыркүйек айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын				

	<p>білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»</p> <p>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p> <p>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.</p> <p>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.</p> <p>Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.</p> <p>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.</p> <p>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</p>
<p>Күндізгі ұйқы</p>	<p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)</p>
<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</p>	<p>Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).</p>
<p>Бесін ас</p>	<p>Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас</p>

	тәрбие бағдарламасы				
<p>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</p>	<p>Қоршаған әлеммен таныстыру Үстелді таза ұстауды үйрету Сурет салу Тік төртбұрыш сызықтар жүргізу «Үстелдің беті» Мүсіндеу Ермексаздан үстелге арналған кішкентай тәрелке жасау Жапсыру Фланелеграфқа үстел суретін қою</p>	<p>Сурет салу Тік сызық салу «Орындықтың аяғы» Мүсіндеу Ермексаздан орындықтың кішкентай бейнесін жасау Жапсыру Фланелеграфқа орындық суретін орналастыру</p>	<p>Қоршаған әлеммен таныстыру Төсегі н жинау туралы әңгімелеу Сурет салу Тік төртбұрыш сызықтар «Төсек» Мүсіндеу Ермексаздан жастық жасау Жапсыру Фланелеграфқа төсек суретін қою</p>	<p>Қоршаған әлеммен таныстыру Киімді ұқыпты жинауға баулу Сурет салу Тік төртбұрыш пен сызықтар салу «Шкафтың есігі» Мүсіндеу Ермексаздан кішкентай киім жасау, шкафқа қою Жапсыру Фланелеграфқа шкаф пен киім суретін қою</p>	<p>Қоршаған әлеммен таныстыру – Төсек, үстел, орындық, ойыншықтарды көрсету. Сурет салу – Доптың суретін салу. Мүсіндеу – Пластилиннен алма/доп жасау. Жапсыру – Орындық суретін жапсыру. Қимылды ойын – «Ойыншықтарды жинайық».</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Алиханға «Аю оянды» Тәрбиеші аюдың ойыншығын көрсетіп: «Уһ-уһ!» дейді. Бала да аюша дыбыс шығарып, жайлап қимылдайды.</p>	<p>Жансаяға «Қуыршақ жылады» Тәрбиеші қуыршақты қолына алып: «Уа-уа!» дейді. Балаға да сол дыбысты қайталауға мүмкіндік</p>	<p>Іңкәрға «Жел соқты» Тәрбиеші: «У-у-у» деп желдің дауысын салады. Баламен бірге қолдарын жайып, жел соққандай қимылдайды.</p>	<p>Кәусарға «Қой маңырады» Тәрбиеші ойыншық қойды көрсетіп: «Мә-мә!» дейді. Бала дыбысқа еліктеп, қимыл жасайды.</p>	<p>Алинурға «Сау болайық» Сабақ соңында музыка жай қосылады. Тәрбиеші қолын бұлғап: «Сау бол!» дейді. Бала да қол бұлғап, «а-а» дыбысын қайталайды.</p>

		береді.			
Серуенге дайындық	<p>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p> <p>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p> <p>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</p>				
Серуен	<p>«Қояндар мен сәбіздер» Мақсаты: Зейінді және қимыл ептілігін дамыту. Шарты: Алаңға «сәбіздер» (таяқшалар) қойылады. «Қояндар» оларды жинайды.</p>	<p>«Жануарларды құтқару» Мақсаты: Мақсатқа жету үшін шапшаң әрекет ету. Шарты: Жануар ойыншықтары н су аймағынан (сызық ішінен) алып шығу.</p>	<p>«Тордағы торғайлар» Мақсаты: Қозғалыс жылдамдығын арттыру. Шарты: Тор ішінде жүрген торғайлар тордан қашып шығуға тырысады, «мысық» ұстайды.</p>	<p>«Көңілді секіртпелер» Мақсаты: Секіру дағдысын дамыту. Шарты: Балалар жеке-жеке немесе топпен секіртпеден секіреді.</p>	<p>«Достық шеңбері» Мақсаты: Топтық бірлікті, көңіл-күйді көтеру. Шарты: Барлық бала қол ұстасып, ән айтып, қимылмен шеңбер бойымен жүреді.</p>
Серуеннен оралу	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем</p>				

	әрекет, дербес ойын әрекеті).
Балалардың үйге қайтуы	<p>Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту).</p> <p>Үйге келген соң, «Сағындым» деп құшақтаңыз, ол өзін маңызды сезінеді.</p> <p>Бүгінгі күнінен бір қызық нәрсені сұрап, бірге әңгімелесіңіз.</p> <p>Кешке қысқа серуен жасаңыз — ұйқысы жақсы болады.</p> <p>Ойыншығын бірге жинап қою — ұқыптылыққа үйретеді.</p>

Екі жас кіші топқа арналған қыркүйек айының серуен жоспары

1-күн

Балалардың дербес әрекеті – құмсалғышта құммен ойнау, қалақ және қалыптармен пішін жасау
Қимылды ойын – «Қояндар секіреді», балалар қоян болып секіреді
Бақылау, зерттеу – ағаш жапырақтарының түсін, пішінін салыстыру
Еңбекке баулу – алаңдағы түскен жапырақтарды жинау

2-күн

Балалардың дербес әрекеті – дөңгелек пен ойын машинасын итеру
Қимылды ойын – «Көбелек ұшты», қолды сермеп көбелекше жүру
Бақылау, зерттеу – аспандағы бұлттарды қарау
Еңбекке баулу – құмдағы ойыншықтарды орнына жинау

3-күн

Балалардың дербес әрекеті – үлкен және кіші доппен ойнау
Қимылды ойын – «Тақия тастамақ» жеңілдетілген нұсқа
Бақылау, зерттеу – құмдағы іздерді көру, кім қалдырды деп болжау
Еңбекке баулу – құмдағы қоқысты жинау

4-күн

Балалардың дербес әрекеті – сырғанаққа кезекпен шығу және түсу
Қимылды ойын – «Сырғанайық», бірге сырғанау
Бақылау, зерттеу – сырғанақтың түсін, пішінін атау
Еңбекке баулу – сырғанақ маңын тазалау

5-күн

Балалардың дербес әрекеті – қуыршақтармен серуен
Қимылды ойын – «Аю келеді», жүру және жасырынып қалу
Бақылау, зерттеу – гүлзардағы гүлдерді көру
Еңбекке баулу – гүлзардан ұсақ қоқысты алу

6-күн

Балалардың дербес әрекеті – шармен ойындар, қолдан-қолға беру
Қимылды ойын – «Шарды бер», балалар бір-біріне шар береді
Бақылау, зерттеу – құстарды бақылау, дыбысын тыңдау
Еңбекке баулу – құстарға дән шашу

7-күн

Балалардың дербес әрекеті – ойын көліктерін айдау

Қимылды ойын – «Көліктер жарысы»

Бақылау, зерттеу – өтіп бара жатқан көліктерді көру, түстерін атау

Еңбекке баулу – ойыншық көліктерді жуу

8-күн

Балалардың дербес әрекеті – құмға таяқпен сурет салу

Қимылды ойын – «Жел соқты», жеңіл жүгіру

Бақылау, зерттеу – жел бағытын сезіну

Еңбекке баулу – алаңдағы ұсақ жапырақтарды жинау

9-күн

Балалардың дербес әрекеті – өткеншекте тербелу

Қимылды ойын – «Алға-артқа», тәрбиешімен бірге тербелу

Бақылау, зерттеу – ағаш бұтақтарының пішінін қарау

Еңбекке баулу – өткеншек астын сыпыру

10-күн

Балалардың дербес әрекеті – кішкентай доппен лақтыру

Қимылды ойын – «Дәл тигіз», шелектің ішіне доп тастау

Бақылау, зерттеу – алаңдағы тастарды көру

Еңбекке баулу – қауіпті тастарды жинау

11-күн

Балалардың дербес әрекеті – үлкен шеңбермен айналу

Қимылды ойын – «Түйе жүрісі», баяу жүру

Бақылау, зерттеу – шөптің биіктігін байқау

Еңбекке баулу – қураған шөпті жұл

12-күн

Балалардың дербес әрекеті – үш дөңгелекті велосипед тебу

Қимылды ойын – «Кім жылдам»

Бақылау, зерттеу – орындықтарды қарау

Еңбекке баулу – орындықты сүрту

13-күн

Балалардың дербес әрекеті – құмнан үйшік жасау

Қимылды ойын – «Мысық пен тышқан»

Бақылау, зерттеу – алаңдағы ағаштарды көру

Еңбекке баулу – алаңды қоқыстан тазалау

14-күн

Балалардың дербес әрекеті – қуыршақпен ойнау

Қимылды ойын – «Қуыршақ серуені»

Бақылау, зерттеу – көлеңкенің қозғалысын көру

Еңбекке баулу – қуыршақ киімін тазалау

15-күн

Балалардың дербес әрекеті – құмнан жол салу

Қимылды ойын – «Поезд келеді», бір қатармен жүру

Бақылау, зерттеу – құмның түсін көру

Еңбекке баулу – жол бойын тазалау

16-күн

Балалардың дербес әрекеті – шарды жоғары лақтыру

Қимылды ойын – «Кім биік лақтырды»

Бақылау, зерттеу – аспанның түсін байқау

Еңбекке баулу – шарларды жинау

17-күн

Балалардың дербес әрекеті – алаңды аралау

Қимылды ойын – «Бақа секіреді»

Бақылау, зерттеу – шөп арасындағы жәндіктерді көру

Еңбекке баулу – жәндіктерге зиян келтірмеу

18-күн

Балалардың дербес әрекеті – құм пішіндерімен ойнау

Қимылды ойын – «Торғайлар дән тереді»

Бақылау, зерттеу – шөп арасындағы гүлдерді көру

Еңбекке баулу – гүлге су құю

19-күн

Балалардың дербес әрекеті – арба сүйреу

Қимылды ойын – «Арба жарысы»

Бақылау, зерттеу – алаңдағы түстерді ажырату

Еңбекке баулу – арбаға жапырақ жинау

Қимылды ойындар

1-күн: «Көбелектер мен гүлдер»

Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін, қиялын дамыту.

Шарты: Бірнеше бала «гүл» болып, қолдарын жоғары көтеріп, қозғалмай тұрады. Қалғандары – «көбелектер» болып, алаңда еркін ұшып жүреді. Тәрбиеші белгі бергенде көбелектер гүлдерге қонады.

2-күн: «Аңдарды табу»

Мақсаты: Қимыл жылдамдығын, ептілікті дамыту.

Шарты: Тәрбиеші алаңда әртүрлі ойыншық аңдарды жасырады. Балалар белгі бойынша жүгіріп, аңдарды тауып, арнайы себетке салады.

3-күн: «Тордан қашу»

Мақсаты: Жүгіру, секіру дағдыларын жетілдіру.

Шарты: Бір бала «қасқыр», қалғандары «қоян». «Қояндар» белгіленген алаңнан шығып кетпеуі керек, «қасқыр» оларды ұстауға тырысады.

4-күн: «Жел мен жапырақтар»

Мақсаты: Табиғи құбылыстарды қимыл арқылы бейнелеу.

Шарты: «Жел» рөліндегі бала қалған «жапырақтарды» қуып жүреді. Жел соққанда жапырақтар жан-жаққа қашады, жел басылғанда тоқтайды.

5-күн: «Өзеннен өту»

Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтау дағдысын дамыту.

Шарты: Жіп немесе бор сызығы арқылы «көпір» белгіленеді. Балалар кезекпен көпірден құламай өтеді.

6-күн: «Бау-бақшадағы еңбек»

Мақсаты: Қимыл белсенділігін арттыру, еңбек дағдыларын ойынмен қалыптастыру.

Шарты: Балалар ойыншық тырма, күрекпен «жер қазады», «гүл отырғызады».

7-күн: «Ұшатын шарлар»

Мақсаты: Қол-аяқ үйлесімділігін дамыту.

Шарты: Әр балаға шар беріледі. Шарды жерге түсірмей, қолмен немесе аяқпен соғып жүреді.

8-күн: «Үйшігіңе жет»

Мақсаты: Жылдам реакцияны қалыптастыру.

Шарты: Балалар алаңда еркін жүреді, тәрбиеші «жаңбыр» десе, әр бала белгіленген «үйшікке» (дөңгелек, шеңбер) жүгіріп жетеді.

9-күн: «Құмырсқалар»

Мақсаты: Ұжымдық әрекетті қалыптастыру.

Шарты: Балалар «құмырсқа» болып, үлкен «дәнді» (доп) командалық күшпен белгіленген жерге жеткізеді.

10-күн: «Тышқан мен мысық»

Мақсаты: Жүгіру дағдыларын дамыту.

Шарты: Бір бала – мысық, қалғандары – тышқан. Мысық тышқандарды қуып ұстайды.

11-күн: «Ауада ұшу»

Мақсаты: Қолдың икемділігін, үйлесімді қимылды дамыту.

Шарты: Балалар қолдарын жайып, «ұшақ» болып алаңда жүреді, кедергілерден айналып өтеді.

12-күн: «Кім жылдам?»

Мақсаты: Жылдамдық пен төзімділікті арттыру.

Шарты: Түзу сызық бойымен белгіленген қашықтықты жүгіріп өту.

13-күн: «Достық пойызы»

Мақсаты: Бір-біріне көмектесу, топтық қимылды дамыту.

Шарты: Балалар бір-бірінің белінен ұстап, пойыз болып жүреді. Кедергілерден бірге өтеді.

14-күн: «Теңіз толқыны»

Мақсаты: Бінтымақтастық пен қиялды дамыту.

Шарты: Балалар қол ұстасып, толқын қозғалысын қайталайды, бір уақытта отырып-тұрады.

15-күн: «Қояндар мен сәбіздер»

Мақсаты: Зейінді және қимыл ептілігін дамыту.

Шарты: Алаңға «сәбіздер» (таяқшалар) қойылады. «Қояндар» оларды жинайды.

16-күн: «Жануарларды құтқару»

Мақсаты: Мақсатқа жету үшін шапшаң әрекет ету.

Шарты: Жануар ойыншықтарын су аймағынан (сызық ішінен) алып шығу.

17-күн: «Тордағы торғайлар»

Мақсаты: Қозғалыс жылдамдығын арттыру.

Шарты: Тор ішінде жүрген торғайлар тордан қашып шығуға тырысады, «мысық» ұстайды.

18-күн: «Көңілді секіртпелер»

Мақсаты: Секіру дағдысын дамыту.

Шарты: Балалар жеке-жеке немесе топпен секіртпеден секіреді.

19-күн: «Достық шеңбері»

Мақсаты: Топтық бірлікті, көңіл-күйді көтеру.

Шарты: Барлық бала қол ұстасып, ән айтып, қимылмен шеңбер бойымен жүреді.

Ата-аналарға кеңестер — Қыркүйек, кіші топ (2 жас)

1-күн:

Балаңызды жылы күлімсіреп шығарыңыз, бұл оның күні бойы көңіл-күйін көтереді.

Балаңыздың киімі ауа райына сай әрі қозғалысына ыңғайлы болсын.

Таңғы асты міндетті түрде ішкізіңіз, бұл оның белсенділігін арттырады. Балаға жылы сөз бен мақтау айтып шығарыңыз.

Балаға бақшаға апарарда сүйікті ойыншығын беруге болады (бейімделуге көмектеседі).

6-күн:

- **Таңертең:** Баланы асықтырмай, сабырмен киіндіріңіз.
- **Кешке:** Қысқа массаж немесе құшақтау — шаршағанын басады.

7-күн:

- **Таңертең:** Балаңызға күлімсіреп, «сен мықтысың» деп айтыңыз.
- **Кешке:** Үйде сүйікті әнін бірге айтып, көңіл-күйін көтеріңіз.

8-күн:

- **Таңертең:** Балаңызға бақшада жақсы уақыт өткізетініне сенімді екеніңізді айтыңыз.
- **Кешке:** Күні бойы жасаған жетістігін мақтаңыз.

9-күн:

- **Таңертең:** Кішкентай тапсырма беріп, орындағанын мақтаңыз.
- **Кешке:** Жаңа сөз үйренсе, бірге қайталаңыз.

10-күн:

- **Таңертең:** Қауіпсіз аяқ киім кигізіңіз, ол қимылын жеңілдетеді.
- **Кешке:** Баланың тамақтануын қадағалап, пайдалы кешкі ас беріңіз.

11-күн:

- **Таңертең:** Баланы жақсы көңіл-күймен шығарып салыңыз, негатив сөзден аулақ болыңыз.
- **Кешке:** Бүгінгі жақсы сәттерін айтып, ұйықтар алдында жылы әңгіме айтыңыз.

12-күн:

- **Таңертең:** Баланы құшақтап шығарыңыз — ол өзін қауіпсіз сезінеді.
- **Кешке:** Бірге ойыншық жинау арқылы еңбекке баулисыз.

13-күн:

- **Таңертең:** Баламен бақшаға бара жатып ән айтыңыз.
- **Кешке:** Күні бойғы қызықты сәтін бірге суретке салыңыз.

14-күн:

- **Таңертең:** Жылы тілектер айтыңыз, мысалы: «Күнің сәтті өтсін!».
- **Кешке:** Отбасымен бірге үстел басында отырып әңгімелесу маңызды.

15-күн:

- **Таңертең:** Оң эмоциямен шығарып салыңыз — ол баланың мінезіне әсер етеді.
- **Кешке:** Бірге тыныш ойын ойнау ұйқыға дайындайды.

16-күн:

- **Таңертең:** Баланы бақшаға апарарда сүйікті әнін қойып беріңіз.
- **Кешке:** Кешке жылы жуыну — баланы тыныштандырады.

17-күн:

- **Таңертең:** «Мен сені жақсы көремін» деген сөзді ұмытпаңыз.
- **Кешке:** Бүгінгі бір жақсы ісін мақтаңыз.

18-күн:

- **Таңертең:** Қысқа құшақтау — үлкен қуаныш сыйлайды.
- **Кешке:** Балаңызбен бірге тыныш бұрышта әңгімелесіңіз.

19-күн:

- **Таңертең:** Балаға «сенің қолыңнан бәрі келеді» деп сенім беріңіз.
 - **Кешке:** Ұйықтар алдында ертегі оқу — оның қиялын дамытады.
-

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2025 жыл 1 апта

Қазан бірлік және ынтымақ айы
 Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
 Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
 Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

Білім беру ұйымы : ЖШС "Диана 2019"бөбекжайы балабақшасы

Топ: «Балапан» кіші топ

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Күн тәртібі	Дүйсенбі 29.09.2025 ж	Сейсенбі 30.09.2025 ж	Сәрсенбі 01.10.2025ж	Бейсенбі 02.10.2025ж	Жұма 03.10.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (кұрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.				

	<p>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.</p>				
<p>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)</p>	<p>«Жұпты суреттер» Міндеті: Жемістердің атауларын (алма, алмұрт, апельсин, банан, өрік) білу және айту, түсі мен көлемін салыстыру, ұнатқан жемісін таңдап көрсету. Шарты: Балаларға жемістер бейнеленген суреттер ұсынылады. Әр бала бір суретті таңдап алып, екінші жұбын табуы тиіс. Экологиялық мәдениет</p>	<p>«Асықты іліп алып, түстерді тап» Міндеті: Негізгі түстерді (қызыл, жасыл, сары, көк) тану, сәйкестендіру, орналастыру. Шарты: Балалар үстел үстінен асық алып, оған сәйкес түсті табады және орнына қояды. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p>	<p>«Әжемнің ертегілері» (отбасылық фотосуреттерді қарастыру) Міндеті: Туыстарын тану, атауларын айту, отбасы мүшелері жайлы қарапайым әңгімелеу. Шарты: Балалар өз әжесінің, ата-анасының, бауырларының суреттерін көрсетіп, тәрбиешіге айтып береді. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p>	<p>«Үйшік құрастыр» Міндеті: Балаларды бірлесіп әрекет етуге, «үй», «отбасы», «туыс» ұғымдарын түсінуге үйрету. Шарты: Балалар тәрбиешімен бірге үйшікті құрастырады, құрастыру барысында отбасы туралы әңгімелеседі. Құрастыру әрекеті, коммуникативтік дағды</p>	<p>«Сиқырлы түстер» (интерактивті тақтамен) Міндеті: Балалардың түстерді тануын, қозғалысын дамыту. Заманауи әдіс: Интерактивті тақтада түрлі-түсті шеңберлер көрсетіледі. Шарты: Тақтада қызыл, жасыл, көк дөңгелек пайда болғанда, балалар алаңда сол түсті «кілемшеге» жүгіріп тұрады.</p>
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p>				

<p>Таңғы ас</p>	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</p>				
<p>Кестеге сәйкес ҮІӨ</p>	<p>Дене тәрбиесі Кіріспе бөлім: Балалар орнында тұрып жүреді, тізесін бүгіп көтереді. Бұлшық еттерін қыздырады, қозғалысқа дайындайды. Негізгі қимыл: Балалар қол ұстасып шеңбер бойымен жүреді. Белгі берілгенде тоқтайды. Бұл жаттығу олардың ептілігін, тыңдай білу қабілетін дамытады.</p>	<p>Музыка «Қоңырау сынғыры» Ұйымдастыру кезеңі Балаларды шат көңілмен қарсы алу. Қарапайым амандасу әуенін «Сәлем, сәлем!» деп бірге айту. Музыка тыңдау Қоңыраудың жоғары және төмен дыбыстарын тыңдату, балалардан</p>	<p>Дене тәрбиесі Кіріспе бөлім: Балалар орындыққа сүйеніп, аяқ ұшына көтеріледі. Бұл жаттығу табан және балтыр бұлшық еттерін шынықтырады. Негізгі қимыл: Жұптасып қол ұстасып жүреді. Балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, топтық әрекетке бейімделеді. Ырғақтық жаттығу: Музыка ырғағына сәйкес</p>		<p>Дене тәрбиесі Кіріспе бөлім: Балалар өкшелерін алға қояды, отырып бақайларын қозғайды. Бұл жаттығу табанның ұсақ бұлшық еттерін дамытады. Негізгі қимыл: Жылдам және баяу қадаммен жүреді, қарқын ауыстыруды үйренеді. Ырғақтық жаттығу: Музыка ырғағына сәйкес аяқ ұшын көтеріп-</p>

	<p>Ырғақтық жаттығу: Музыка а ырғағына сәйкес қадам басып, қолдарын шапалақтайды. Бұл есту қабілеті мен қимыл үйлесімділігін арттырады.</p> <p>Ұлттық ойын: «Қуыр-қуыр, қуырмаш». Ойын барысында балалардың саусақ қимылдары дамиды, көңілдері көтеріледі.</p> <p>Сауықтыру шарасы: Серуен кезінде мұрынмен дем алып, ауызбен шығару жаттығуларын жасайды. Бұл балалардың тыныс алуын нығайтады.</p>	<p>«қайсысы жіңішке, қайсысы жуан?» деп сұрау.</p> <p>Ән айту</p> <p>Педагог «динь-динь», «дзын-дзын» сияқты дыбыстарды айтып, балаларға еліктету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар</p> <p>Қоңыраумен жүру, тоқтап қалады – балалар да тоқтайды. Қимылды музыкамен сәйкестендіру.</p> <p>Қоштасу кезеңі</p> <p>Тыныш әуен қойылып, балалар қолдарын бұлғап қоштасады.</p>	<p>қолдарын көтеріп-түсіреді. Бұл қимыл иық және арқа бұлшық еттерін шынықтырады.</p> <p>Ұлттық ойын: «Ақ серек, көк серек». Ойын балаларды ұйымшылдыққа, қимыл үйлесімділігіне тәрбиелейді.</p> <p>Сауықтыру шарасы: Серуен кезінде күн сәулесін қабылдап, таза ауада жүреді. Бұл балалардың денсаулығын нығайтады.</p>		<p>түсіреді. Бұл тепендікті сақтауға үйретеді.</p> <p>Ұлттық ойын: «Айгөлек» (жеңілдетілген түрі). Балалар ән айтып жүріп, көңіл көтереді.</p> <p>Сауықтыру шарасы: Қолдарын жуып, сүртеді. Гигиеналық дағдыларды қалыптастырады</p>
--	---	--	--	--	--

	<p>Тақырып: Менің атым Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет: Өз есімін айтуға үйрету («Мен кіммін?» ойыны) Танымдық әрекет, Танымдық әрекет, Танымдық әрекет, Сенсорика Үлкен және кіші ойыншықтарды салыстыру Шығармашылық әрекет, Құрастыру шығармашылық әрекеті Кубиктен қарапайым қоршау жасау Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру: Айдан өзін тану</p>	<p>Тақырып: Атам Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет: «Ата» сөзін айту, тақпақ жаттау Танымдық әрекет, Танымдық әрекет, Танымдық әрекет, Сенсорика Қыз ыл және сары түстерді ажырату Шығармашылық әрекет, Құрастыру шығармашылық әрекеті Конструктордан үй Құрастыру шығармашылық әрекеті Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру: Суреттен атасын табу</p>	<p>Тақырып: Әжем Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет: «Әже» сөзін айту, өлең тыңдау Танымдық әрекет, Танымдық әрекет, Сенсорика Үшбұрышты табу Шығармашылық әрекет, Құрастыру шығармашылық әрекеті Мұнара жасау Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру: Отбасы мүшелерін атау</p>	<p>Тақырып: Әкем Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет: «Әке» сөзін қайталау Танымдық әрекет, Танымдық әрекет, Сенсорика Көк және жасыл түстерді ажырату Шығармашылық әрекет, Құрастыру шығармашылық әрекеті Қақпа жасау</p>	<p>Тақырып: Анам Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет: «Анам менің» тақпағы Танымдық әрекет, Танымдық әрекет, Сенсорика Шаршыны ажырату Шығармашылық әрекет, Құрастыру шығармашылық әрекеті Төсек жасау Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру: Анасының суретін табу</p>
--	---	--	---	--	--

Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру
Серуен	Қазан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).

<p>Бесін ас</p>	<p>Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p>				
<p>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</p>	<p>Сурет салу: Күнді шеңбермен бейнелеу Мүсіндеу: Саздан шар жасау Жапсыру: Шарды қағазға жапсыру Шығармашылық әрекеттер</p>	<p>Сурет салу: Жол сызықтарын салу Мүсіндеу: Саздан нан ширату Жапсыру: Терезе суретін жапсыру Шығармашылық әрекеттер</p>	<p>Сурет салу: Доп бейнелеу Мүсіндеу: Саздан алма жасау Жапсыру: Алманы жапсыру Шығармашылық әрекеттер</p>	<p>Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру: Суретте әкесін табу Сурет салу: Жаңбырды бейнелеу Мүсіндеу: Саздан доп жасау Жапсыру: Доптарды жапсыру Шығармашылық әрекеттер</p>	<p>Сурет салу: Толқын салу Мүсіндеу: Саздан гүл жасау Жапсыру: Гүлді жапсыру Шығармашылық әрекеттер</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Мұсаға Алманы тап» Мақсаты: Жемістерді ажыратып тануға үйрету, сөздік қорын дамыту. Шарты: Үстелге алма мен басқа ойыншықтарды қойып, «Алма қайда?» деп сұрау. Бала</p>	<p>Жандосқа «Қол шапалақтайық» Мақсаты: Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту, есту арқылы әрекет жасауға үйрету. Шарты: Қарапайым ән</p>	<p>Хадияға «Әуентындайық» Мақсаты: Музыкаға қызығушылық ояту, есту қабілетін дамыту. Шарты: Баланың сүйікті әуенін қосып, билеуін қолдау. Ән ырғағына сәйкес дене қимылдарын қайталау.</p>	<p>Абдуллаға «Қызыл мен көкті ажырат» Мақсаты: Негізгі түстерді тануға үйрету. Шарты: Қызыл және көк түсті ойыншықтарды көрсетіп, «қайсысы қызыл?», «қайсысы көк?» деп сұрау.</p>	<p>Сартайға «Сумен ойнайық» Мақсаты: Қолдың қимылын жетілдіру, ұсақ моториканы дамыту. Шарты: Ыдыстарға су құйып, бірыдыстан екіншісіне құюды үйрету.</p>

	көрсетсе – мақтап, «Алма» деп бірнеше рет айту.	қосып, баламен бірге шапалақтау. «Шапалақ» сөзін қайталау.			
Серуенге дайындық	<p>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p> <p>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p> <p>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</p>				
Серуен	<p>«Құстар қалай ұшады?» Мақсаты: Балалардың қимыл белсенділігін арттыру, қиялмен қозғалыс үйлесімділігін дамыту. Шарты: Балалар қолдарын қанатша жайып, құстарша ұшып жүреді. Тәрбиеші «Жерге қон!» дегенде, бәрі тоқтап, отыра қалады.</p>	<p>«Жел соқты» Мақсаты: Балалардың ептілік пен қимыл шапшаңдығын дамыту. Шарты: Тәрбиеші «Жел соқты!» десе, балалар жан-жаққа шашырап қашады, «Жел тынды!» десе, қайтадан орнына жиналады.</p>	<p>«Жапырақ жинаймыз» Мақсаты: Табиғатты аялауға, еңбек етуге дағдыландыру. Шарты: Балаларға түрлі түсті жапырақтар шашылады. Балалар оларды шелекке немесе себетке жинайды. Кім көп жапырақ жинайды – сол жеңімпаз.</p>	<p>«Қояндар секіреді» Мақсаты: Екі аяқпен секіруді, дене қимылын үйлестіруді дамыту. Шарты: Балалар қоян болып секіріп, «шөпке» (алдын ала белгіленген орынға) барып, қайта оралады.</p>	<p>«Жаңбырдан қашамыз» Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Шарты: Тәрбиеші қолымен «жаңбыр жауды» деп белгі береді. Балалар тез жүгіріп, ағаштың астына немесе белгіленген «үйшікке» тығылады.</p>
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				

	Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) Өнегелі 15 минут

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қазан айы 2025 жыл 2 апта

Қазан бірлік және ынтымақ айы

Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

Білім беру ұйымы : ЖШС "Диана 2019"бөбекжайы балабақшасы

Топ: «Балапан» кіші топ

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.10.2025 ж	Сейсенбі 07.10.2025 ж	Сәрсенбі 08.10.2025ж	Бейсенбі 09.10.2025ж	Жұма 10.10.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.				

	Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Ерте кәсіптік бағдар беру «Кім немен жұмыс істейді?» Дәрігер болса – «тыңдап жатырмын» деп құлаққап сияқты қимыл жасайды. Құрылысшы болса – «кірпіш қалап жатқандай» қолын қимылдатады. Аспаз болса – «қазан араластырып жатқандай» қозғалады. Балалар қимылды қайталайды. Музыка қосылғанда – бәрі қимылды жасайды, музыка тоқтағанда – бәрі қимылды тоқтатады.	Құқықтық сауаттылық Балаларға ксөйлеу жаттығуы енгізіледі: «Ойна!» – тәрбиеші ойыншық машина береді. Бала «ойна» деп қайталайды. – «Ұйықта!» – тәрбиеші қуыршақты жатқызады. Балалар «ұйықта» дейді Әр бала өз құқығын көрсету үшін бір қимыл жасайды және қарапайым сөз айтады: – Доппен ойнап тұрған бала «Ойна!» дейді. – Қуыршақты құшақтаған бала	Адалдық әліппесі «Адал бала – шындық айтады» «Адал бала – өзгенің затын алмайды» «Адал бала – біреудің затын қайтарып береді» деген қысқа ұрандарды балалармен бірге қайталау	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» «Арқан тарту» (жеңілдетілген түрі) Мақсаты: Балаларды ұлттық ойындармен таныстыру; Бірлікке, күшті дұрыс жұмсауға баулу; «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» екенін сезіндіру. Қажетті құралдар: Жұмсақ, жеңіл арқан (қатты емес, балаларға қауіпсіз). Ортаға сызық сызу. Балаларды екі топқа бөлу. Арқанның екі ұшын беріп: – «Біздің ата-бабамыз ойнаған ұлттық ойындардың бірі – арқан тарту. Бұл ойын бірлікті үйретеді. Ендеше, қай топ мықты екенін көрейік!» – деп бастайды. Белгі берілгенде екі топ арқанды тартады.	Қаржылық сауаттылық Қарапайым жаттығу сөздері: «Ал» – затты беру кезінде. «Бер» – ақша беру кезінде. «Маған» – қалаған затты көрсеткенде. «Рахмет» – алған кезде. Балалар ақша мен заттың алмасу принципін түсінеді. «Ал, бер, рахмет» сияқты жеңіл сөздерді қолдануға дағдыланады. Кезек күту, алмасу, әдепті болуды ойын арқылы меңгереді.

		«Ұйықта!» дейді. – Кітап ұстап тұрған бала «Оқы!» деп айтуға тырысады.		Қай топ сызықтан қарсыласын өткізіп жіберсе – сол топ жеңімпаз.	
Ертеңгілік жаттығу	<p>«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p>				
Таңғы ас	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемейу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</p>				
Кестеге сәйкес ҰІӨ	Дене тәрбиесі Кіріспе бөлім: Балалар таянышқа сүйеніп	Музыка «Фортепиано дыбысы» Ұйымдастыру кезеңі	Дене тәрбиесі Кіріспе бөлім: Балалар орнында тұрып жүреді, тізелерін		Дене тәрбиесі Кіріспе бөлім: Өкшемен жүреді. Бұл табанның әр бөлігін

	<p>тартылып көтеріледі. Бұл қол және арқа бұлшық еттерін шынықтырады.</p> <p>Негізгі қимыл: Әртүрлі бағытта жүреді: алға, артқа, жанға. Кеңістікті бағдарлау қабілеттері дамиды.</p> <p>Ырғақтық жаттығу: Музыкаға сәйкес иықпен қимылдайды. Бұл жаттығу арқа және иық буынын дамытады.</p> <p>Ұлттық ойын: «Алтын сақа». Балалар ептілік пен жылдамдықты дамытады.</p> <p>Сауықтыру шарасы: Салқын сумен беттерін шайып, сергітеді.</p>	<p>Балаларды күлімдеп қарсы алу. «Қош келдіңдер!» әнін бірге айту.</p> <p>Музыка тыңдау Фортепиано әуенін тыңдату. Дыбыстың нәзік, жұмсақ екенін сезіндіру.</p> <p>Ән айту Педагог «ла-ла-ла», «до-ре-ми» дыбыстарын ойнап айтып, балаларға қайталату.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар Қолдарын пианино ойнағандай қимылдату, алақандарын кезекпен шапалақтау. Жартылай</p>	<p>бүгіп көтеріледі.</p> <p>Негізгі қимыл: Жүру барысында белгі бойынша тоқтап отырып қалады. Бұл тыңдауды, ептілікті дамытады.</p> <p>Ырғақтық жаттығу: Музыкаға қолдарын бұлғап қимылдайды.</p> <p>Ұлттық ойын: «Соқыр теке». Балалар зейінін, қырағылығын арттырады.</p> <p>Сауықтыру шарасы: Таза ауада қозғалыс ойынын ойнайды.</p>		<p>шынықтырады.</p> <p>Негізгі қимыл: Белгі бойынша жүгіреді және жүреді. Жүріс пен жүгіруді алмастыру қабілеттерін дамытады.</p> <p>Ырғақтық жаттығу: Музыка ырғағына сәйкес қадамдарын тездетіп және баяулатады.</p> <p>Ұлттық ойын: «Айгөлек». Балалар ән салып, топпен бірге ойнайды.</p> <p>Сауықтыру шарасы: Күн көзінде серуендейді.</p>
--	--	---	--	--	---

	отырып, қайта тұру. Қоштасу кезеңі Жұмсақ әуенмен тынышталу, «Сау бол» әнін бірге айту.			
«Менің үйім және көшем» Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет Балаларды өз есімін айтуға үйрету «Біздің көше» туралы қысқа әңгіме оқу (тәрбиешінің айтуымен тыңдайды) Ертегі кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу Танымдық әрекет, сенсорика Түрлі түстегі ойыншықтарды көрсету және топтастыру	«Біздің ауламыз» Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет «Қуыршақты бесікке бөлейік» ойынын ойнату Балаларға бесік жырын тыңдату және эмоция арқылы қабылдауға үйрету Танымдық әрекет, сенсорика Пішіндермен жұмыс (дөңгелек, төртбұрыш,	«Көлік түрлері» Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет Көлік туралы тақпақтарды тыңдау және қайталау Балалармен бірге өлең айту Танымдық әрекет, сенсорика Ойыншық көліктерді түсіне қарай бөлу (қызыл, көк, жасыл) Үлкен және кіші машиналарды салыстыру Құрастыру шығармашылық әрекеті Пластмассадан жол және көпір жасау Машиналарды	«Достарыммен бірге» Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет «Достар» тақырыбында әңгімелесу Таныс тақпақтарды қайталау Қуыршақтарға арнап бесік жырын айту Танымдық әрекет, сенсорика Өртүрлі көлемдегі заттарды салыстыру және топтастыру Жұмсақ ойыншықтарды сипап, көлемін сезіну Құрастыру шығармашылық әрекеті «Достарға арналған ойын алаңы»	«Таза көше – әдемі қала» Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет «Тазалық – саулық» туралы әңгіме жүргізу Қарапайым өлеңдерді қайталау, ән айту Танымдық әрекет, сенсорика Тазалық құралдарын (щетка, шелектің суреті) көрсету Ойыншықтарды таза және кір деп бөлу Құрастыру шығармашылық әрекеті Кірпіштерден қоршау жасау

	(қызыл, көк, сары) Үлкен және кіші ойыншықтарды ажырату Құрастыру шығармашылық әрекеті Ірі құрылыс бөлшектерінен өз көшемізді Құрастыру шығармашылық әрекеті (жол, үй)	үшбұрышты салыстыру) Пішіндерді сәйкес тесіктерге орналастыру Құрастыру шығармашылық әрекеті Құрылыс бөлшектерінен орындық, кішкентай аула жасау	жолға орналастыру	Құрастыру шығармашылық әрекеті Құмнан төбешік жасау	Қарапайым көпір Құрастыру шығармашылық әрекеті
